


Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша қоршаған орта жай – күйі жөніндегі ақпараттық бюллетені

2021 ж. IV тоқсан



Қазақстан Республикасы экология, геология
және табиғи ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» РМҚ Алматы қаласы
бойынша филиалы

	Мазмұны	Бет.
	Алғы сөз	3
1	Атмосфералық ауаның ластануының негізгі көздері	4
2	Атмосфералық ауа сапасының мониторингі	4
3	Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы	19
4	Жер үсті суларының сапасының мониторингі	19
5	Топырақтың ластану жағдайы	21
6	Радиациялық жағдай	25
	1 Қосымша	25
	2 Қосымша	26
	3 Қосымша	31

Алғы-сөз

Ақпараттық бюллетень «Қазгидромет» РМК мамандандырылған бөлімшелері Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылау желісіндегі қоршаған ортаның жай-күйін бақылау бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша дайындалды.

Бюллетень мемлекеттік органдарды, қоғамды және тұрғындарды Алматы аумағындағы қоршаған ортаның жай-күйі туралы хабарлауға арналған және Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шаралардың тиімділігін одан әрі бағалау үшін қажет ластану деңгейінің үздіксіз өзгеру тенденциясы.

Атмосфералық ауаның сапасын бағалау Алматы қаласы және Алматы облысы

1. Алматы қаласы бойынша атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері

Статистикалық деректер: кәсіпорындардың нақты шығарындыларының жалпы көлемі – 46 062,23 тонна. Шығарындыларды жүзеге асыратын кәсіпорындардағы стационарлық көздер саны – 10 359 бірлік. Жылумен жабдықтау көздерінің (қазандықтар және ЖЭО) саны-151 бірлік, оларға 500 энергия қондырғысы орнатылған. Жылу энергиясын өндіруден нақты жиынтық шығарындылар 41 538,9 тоннаны құрайды.

Жасыл экономика басқармасының мәліметіне, Алматы қаласындағы жеке үйлердің саны - 151 059 бірлікті құрайды. Оның ішінде газбен жылыту бойынша-149 211 бірлік және әлі газға қосылмаған 1 848 бірлік.

Алматы қаласында 517 500 бірлік автотөкөлік құралдары тіркелген, оның ішінде: жеңіл автомобильдер – 466 803 бірлік және АТС жалпы санының 90,2% – ын құрайды, автобустар – 9 587 бірлік, бұл 1,8% – ды құрайды, жүк автомобильдері – 33 528 бірлік және 6,4% - ды құрайды, арнайы техника-1 395 бірлік және 0,3% - ды құрайды және төкөлік-6 186 бірлік, бұл 1,2% - ды құрайды. Жыл сайын автотөкөлік саны 1 768 бірлікке артып келеді.

1.1 Алматы облысы бойынша атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздер

Алматы облысының атмосфералық ауасының ластануына Жылу энергетикасы кәсіпорындары, автомобиль көлігі, аудандық пайдалану бөлімдерінің, кәсіпорындардың, ұйымдардың әскери гарнизондарының қазандықтары, сондай-ақ ауыл шаруашылығы объектілері мен құрылыс материалдары негізгі әсер етеді.

"Алматы облысының экология департаменті" ММ деректеріне сәйкес ластауыш заттар шығарындыларының стационарлық көздерінің саны: 15 221 бірлік, оның ішінде ұйымдастырылған - 9778, тазарту құрылыстарымен жабдықталған-500.

Атмосфераға шығарылатын жалпы өнеркәсіптік шығарындылардың көлемі-42,8 мың тоннаны құрайды. Автотөкөлік құралдарының саны-119 мың бірлік (бензин-4, дизель-112, газ-3), негізінен жеңіл автотөкөліктер.

2. Алматы қаласында 4 тоқсандағы атмосфералық ауа сапасының мониторингі.

Алматы қаласының атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 16 стационарлық бекетте жүргізілді, қол күшімен сынама алынатын 5 бекетте, және 11 автоматты бекетте жүргізіледі. (Қосымша1).

Жалпы қала бойынша **18 көрсеткіш** анықталады: 1) қалқыма бөлшектері (шаң); 2) РМ-2,5 қалқыма бөлшектері; 3) РМ-10 қалқыма

бөлшектері; 4) күкірт диоксиді; 5) көміртегі оксиді; 6) азот диоксиді; 7) азот оксиді; 8) фенол; 9) формальдегид; 10)озон; 11) кадмий; 12) мыс; 13) күшән; 14) қорғасын; 15) хром (6+); 16) никель; 17)мырыш; 18)бенз(а)пирен;

1-кестеде бақылау бекеттерінің орналасуы және әр бекетте анықталатын көрсеткіштер тізімі туралы ақпараттар келтірілген.

1 Кесте

Бақылау бекеттерінің және анықталған қоспалардың орналасуы

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Амангелді к-сі. Сәтбаев к-сі бұрышы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенолдар, формальдегид, бенз(а)пирен.
12	тәулігіне 3 рет		Райымбек даңғылы, Наурызбай батыр к-сі бұрышы	
16			Айнабұлақ-3 ш-а	
25			Ақсай-3 ш-а, Маречка к-сі, Б.Момышұлы к-сі бұрышы	
26			Тастақ-1 ш-а, Төле би к-сі, 249, ММ «№8 қалалық балалар емханасы»	
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Аль-Фараби атындағы ұлттық университеті аумағы, Бостандық ауданы	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,озон.
2			Автошаруашылық, Аэродромная к-сі, Іле ауданы	
3			Момышұлы көшесіндегі «Алматы арена» мұз аренасы, Алатау ауданы	
4			№32 жалпы білім беру мектебі, 70 разъезд ауданы, Түрксіб ауданы	
5			«Халық арена»мұз аренасы, Медеу ауданы, Думан мөлтекауданы	
6			Жетісу әкімшілігі аумағы, «Құлагер» мөлтекауданы, Жетісу ауданы	
27			Медеу метеостансасы, Горная к-сі,548	
28			аэрологиялық станса (Өуежай ауданы) Ахметов к-сі, 50	
29			Түрксіб ауданының ЦДАБ Р. Зорге к-сі,14	
30			«Шаңырақ» ш-а,№26 мектеп, Жанқожа батыр к-сі., 202	
31			Аль-Фараби даңғылы, Науаи к-сі бұрышы, Орбита ш-а («Зеленстрой» АҚ Дендропарк аймағы)	

Тұрақты бақылау бекеттерінен басқа, Алматы қаласында жылжымалы экологиялық зертхана қызмет етеді, оның көмегімен облыс бойынша, қосымша 10 нүктеде ауа сапасына Талғар қ. (2 нүкте), Есик қ. (2 нүкте), Түргень а. (2 точки), Отеген Батыр а. (2 точки), Каскелен пгт. (2 нүкте) (Қосымша 2) 7 көрсеткіштер бойынша өлшеулер жүргізіледі. 1) қалқыма бөлшектер (шаң); 2) азот диоксиді; 3) күкірт диоксиді; 4) азот оксиді; 5) көміртегі оксиді; 6) фенол; 7) формальдегид.

Алматы қаласында 2021 жылғы 4 тоқсанда атмосфералық ауа сапасының мониторинг нәтижелері.

Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша қалада атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі *жоғары деңгейде* болып бағаланды ЕЖҚ=46% (жоғары деңгей) №29(Түрксіб ауданының ИДAB P. Зорге к-сі,14) бекет аумағында азот диоксиді бойынша ал, СИ =9,8(жоғары деңгей) №2 (Автошаруашылық, Аэродромная к-сі, Іле ауданы) бекет аумағында күкірт диоксиді бойынша анықталды.

Ластаушы заттарыдың максималды-бір реттік шоғырлары: Қалқыма бөлшектері (шаң)–1,2ШЖШ_{м.б.}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 5,7ШЖШ_{м.б.},РМ-10 қалқыма бөлшектері –3,1ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді –9,8ШЖШ_{м.б.}, көміртегі тотығы –2,4ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді –5,3ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді –2,5ШЖШ_{м.б.}, озон-3,7ШЖШ_{м.б.}, құрады, басқа ластаушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

Орташа тәулік нормативтен асып кету шоғырлары: Қалқыма бөлшектері (шаң) -1,1ШЖШ_{о.т.} РМ2,5 Қалқыма бөлшектері -1,4ШЖШ_{о.т.} РМ10 Қалқыма бөлшектері-1,1ШЖШ_{о.т.}, күкірт диоксиді –1,0ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді – 2,7ШЖШ_{о.т.}, азот оксиді-1,4ШЖШ_{с.с.} формальдегид –1,0ШЖШ_{о.т.}, құрады. Басқа ластаушы заттар – ШЖШ_{с.с.}-дан аспады.

Атмосфералық ауа бойынша экстремалды және жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ): ЖЛ(10 ШЖШ) және ЭЖЛ (50 ШЖШ) жағдайлары байқалған жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа стандарттарынан асып кетудің қызаруы және асу жағдайларының саны 2-кестеде көрсетілген.

2 Кесте

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр (Q _{о.т.})		Ең жоғарғы бір реттік шоғыр (Q _{м.б.})		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ _{о.т.} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.б.} асу еселігі	%	>ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
Алматы қаласы								
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,17	1,1	0,58	1,2		2		
РМ-2,5 қалқыма бөлшектері	0,048	1,4	0,915	5,7	14	3757	14	
РМ-10 қалқыма бөлшектері	0,065	1,1	0,943	3,1	11	1642		
Күкірт диоксиді	0,050	1,0	4,876	9,8	25	1554	302	
Көміртегі оксиді	1,160	0,4	12,000	2,4	25	596		

Азот диоксиді	0,107	2,7	1,063	5,3	46	7256	72	
Азот оксиді	0,087	1,4	1,000	2,5	25	3372		
Фенол	0,001	0,5	0,008	0,8				
Формальдегид	0,010	1,0	0,039	0,8				
Озон	0,012	0,4	0,585	3,7	3	218		
Бенз(а)пирен	0,000	0,3						
Кадмий	0,001	0,00						
Қорғасын	0,019	0,06						
Күшәла	0,002	0,01						
Хром	0,007	0,00						
Мыс	0,024	0,01						
Никель	0,003	0,00						
Мырыш	0,089	0,00						

Қорытынды:

Соңғы бес жыл ішінде 4 тоқсанда ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, 2017-2021жж. 4 тоқсанда атмосфералық ауасының ластану деңгейі «жоғары болып бағаланды.

Қалқыма бөлшектері (шаң) (2) Қалқыма бөлшектері РМ-2,5 (3757) және РМ-10 (1642), күкірт диоксиді (1554) көміртегі оксиді (596), азот диоксиді (7256), азот оксиді (3372), озон (218) бойынша ең жоғары бір реттік ШЖШ арту саны байқалды.

Қалқыма бөлшектері РМ-2,5 (14), күкірт диоксиді (302), азот диоксиді (72) бойынша ең жоғары бір реттік >5ШЖШ арту саны байқалды.

Қалқыма бөлшектері (шаң), қалқыма бөлшектері РМ-2,5 РМ-10, азот оксиді және диоксиді, күкірт диоксиді, формальдегид, бойынша орташа тәуліктік шоғырлану нормативтерінің асып кетуі, **ең көп азот диоксиді бойынша байқалды.**

Көрсетілген ластану жағдайлары жылуэнергетика кәсіпорындарының шығарындылары мен жеке секторлардың жылыту мерзімдерінің әсерімен сәйкес келетін көктем-жаз маусымдарына тән, сонымен қатар автокөлік құралдарының шығарындыларына байланысты болып отыр.

Ең жоғары қайталану көрсеткішінің артуы негізінен қалқыма бөлшектер (шаң), PM_{2,5}, PM₁₀, күкірт диоксиді, диоксид пен азот оксиді, көміртегі оксиді, озон есебінен байқалды, бұл автокөліктің ауаның ластануына айтарлықтай үлес қосатынын көрсетеді.

Талғар ауданы Талғар қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Талғар қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Әзірбаев көшесі, №2 нүкте – Бокин көшесі) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксиді, азот диоксидінің, азот оксидінің, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау деректері бойынша Талғар қаласының максималды-бір реттік ластаушы заттардың шоғырлары азот диоксиді және оксиді 1,1-2,4 ШЖШ, көміртегі оксиді 1,0 ШЖШ құрады. Басқа ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (3-кесте).

3 Кесте

Талғар қаласының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,150	0,30	0,240	0,48
Күкірт диоксиді	0,000	0,00	0,039	0,08
Көміртегі оксиді	4,800	1,0	3,800	0,8
Азот диоксиді	0,050	0,25	0,220	1,1
Азот оксиді	0,080	0,20	0,960	2,4
Фенол	0,003	0,27	0,004	0,40
Формальдегид	0,000	0,00	0,000	0,00

Еңбекші қазақ ауданы Есік қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Есік қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Тоқатаев көшесі, №2 нүкте – Абай көшесі, 87) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау деректері бойынша Есік қаласының максималды-бір реттік ластаушы заттардың шоғырлары көміртегі оксиді 1,1 ШЖШ құрады. Басқа ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (4-кесте).

**Есік қаласының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың
максималды шоғыры**

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,290	0,58	0,140	0,28
Күкірт диоксиді	0,090	0,18	0,090	0,18
Көміртегі оксиді	4,500	0,9	5,500	1,1
Азот диоксиді	0,180	0,9	0,150	0,75
Азот оксиді	0,300	0,75	0,360	0,90
Фенол	0,003	0,30	0,000	0,00
Формальдегид	0,000	0,00	0,000	0,00

**Еңбекші қазақ ауданы Түрген ауылының эпизодтық деректері
бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі**

Түрген ауылында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Құлмамбет көшесі, 1; №2 нүкте – Құлмамбет көшесі, 145) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (5-кесте).

**Түрген ауылының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың
максималды шоғыры**

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,030	0,06	0,030	0,06
Күкірт диоксиді	0,000	0,00	0,000	0,00
Көміртегі оксиді	2,200	0,4	1,600	0,3
Азот диоксиді	0,030	0,15	0,040	0,20
Азот оксиді	0,040	0,10	0,070	0,18
Фенол	0,000	0,00	0,000	0,00
Формальдегид	0,000	0,00	0,000	0,00

**Іле ауданы Өтеген Батыр кентінің эпизодтық деректері бойынша
атмосфералық ауаның жай-күйі**

Өтеген Батыр кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Пушкин көшесі, 31; №2 нүкте – Гагарин көшесі, 6) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксиді, азот диоксидінің, азот оксидінің, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау деректері бойынша Өтеген Батыр кентінде максималды-бір реттік ластаушы заттардың шоғырлары азот оксиді 1,6 ШЖШ құрады. Басқа ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (6-кесте).

6 Кесте

Өтеген Батыр кентінің бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,130	0,26	0,190	0,38
Күкірт диоксиді	0,000	0,00	0,000	0,00
Көміртегі оксиді	2,800	0,6	3,600	0,7
Азот диоксиді	0,090	0,45	0,110	0,55
Азот оксиді	0,170	0,43	0,630	1,58
Фенол	0,002	0,20	0,004	0,40
Формальдегид	0,000	0,00	0,000	0,00

Қарасай ауданы Қаскелен қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Қаскелен қала үлгісіндегі кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Әкімшілік, №2 нүкте – Аблай хан көшесі) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау деректері бойынша Қаскелен қаласының максималды-бір реттік ластаушы заттардың шоғырлары азот диоксиді және оксиді 1,2-2,5 ШЖШ, көміртегі оксиді 1,3ШЖШ құрады. Басқа ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (7-кесте).

7 Кесте

Қаскелен қала үлгісіндегі кентінің бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,320	0,64	0,270	0,54
Күкірт диоксиді	0,000	0,00	0,000	0,00
Көміртегі оксиді	6,700	1,3	3,500	0,7
Азот диоксиді	0,230	1,15	0,100	0,50
Азот оксиді	0,990	2,475	0,330	0,83
Фенол	0,000	0,00	0,004	0,40
Формальдегид	0,000	0,00	0,000	0,00

Метеорологиялық жағдай.

Қазан айында суық ауа массаларының жиі басып кіруіне және қаладағы белсенді фронтальды бөлімдерге байланысты жауын-шашын нормадан

жоғары болды (нормада 76 мм 60 мм). Қатты жаңбыр бірінші онкүндіктің басында және соңында және үшінші онкүндіктің басында байқалды. Қараша мен желтоқсанда ауа-райының антициклондық түрі бар күндер саны көп болды, сондықтан осы айларда жауын-шашын күтілген нормадан аз болды. Жер бетіндегі қабатта желдің максималды жылдамдығы 4 м/с дейін байқалды.

Қазан айында ауа температурасының негізгі фонында түнде шамамен 2-7 жылу болды, суық түскен күндері температура 0-2 аязға дейін төмендеді, күндіз 10-нан 20 градусқа дейін, бөлек күндерде 2-5 градусқа дейін. Қараша айында ауа температурасы түнде 3-8 аяздан 0-5 жылыға дейін, күндіз 0-5-тен 10-15 жылыға дейін құбылды, тек бірінші онкүндіктің ортасында ауа температурасы түнде 15 аязға дейін, күндіз 9 аязға дейін төмендеді. Желтоқсан салыстырмалы түрде жылы болды, мұнда ауа температурасының негізгі фонында түнде 0-8 градус аяз, күндіз 2-12 градус жылу болды.

Павел Алекстандровтың (Плотицын) 9 датчиктері бойынша Алматы қаласында атмосфералық ауа сапасының мониторингі:

2 көрсеткіш анықталады: 1) *PM-2,5 қалқыма бөлшектері*; 2) *PM-10 қалқыма бөлшектері*.

8 Кесте

Бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
ПА4312603	әр 30 минут сайын	үзіліссіз режимде	Ақан Сері, 159Б (Баум тоғай ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері
ПА4439475			Курчатов, 1Б (Райымбек және Өтеген Батыр ауданы)	
ПА7723955			Камышин, 108 (Аэропорт ауданы)	
ПА4438736			Мамыр 1, үй 27	
ПА3916824 0			Карасу, 6-ы, 122	
ПА5			Төле би, 159	
ПА6			Розыбакиев, 270	
ПА3883407 7			Тимирязев, 28в	
ПА12			В.Г. Фесенкова астрофизик атындағы НИИ.	

**Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы ПА бақылау
желісінің деректері**

Қоспа	Орташа шоғыр ($Q_{o.t.}$)		Ең жоғарғы бір реттік шоғыр ($Q_{m.б.}$)		ЕЖ Қ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ _{o.t.} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ м.б.асу еселігі		%	> ШЖ Ш	>5 ШЖ Ш
Алматы қаласы								
PM-2,5 қалқыма бөлшектері	0,0116	0,3	0,808	5,0	6,4	905		
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,014	0,2	0,740	2,5	0,4	348		

ЖШС "Экосервис-С" 10 датчиктері бойынша Алматы қаласында атмосфералық ауа сапасының мониторингі.

5 көрсеткіш анықталады: 1) PM-2,5 қалқыма бөлшектері; 2) PM-10 қалқыма бөлшектері; 3) күкірт диоксиді; 4) көміртегі оксиді; 5) азот диоксиді;

Бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
Alm 001	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Усть-Каменнагоркөш.1/1, балабақша №130.	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді
Alm 002			Шевченко 162 К көш. балабақша №11.	
Alm 003			Алматық.Наурызбай ауданы Шугыла ықшам ауданы, ү 340/1.	
Alm 004			Кенсай №1 зират көшесі. Сарсенбайева 48.	
Alm 005			Алматы қ. Медеу ауданы, Пушкин көш., ү1 жалпы білім беретін мектеп №52.	
Alm 006			Алматы қ. Турксиб ауданы, Дегдар көш., ү.34 балалар бақшасы №149.	
Alm 007			Алматы қ. Алатау ауданы. Шапагат ықшам ауданы Бианху көш. ү 87. №150 М.Хамраев атындағы жалпы білім беретін мектеп.	
Alm 008			Алматы қ. Алмалы ауданы, Туркебаев көш. Ү 93, мектеп-гимназиясы №144.	
Alm 009			Мектеп - гимназиясы №86 Г. Мусрепов 6 ықшам ауданы. -63ү.	

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
Alm 010			Алматы қ. Әуезов ауданы, Аксай - 3 ықшам ауданы А, ү.71. Түзету балабақша №66 сөйлеу қабілеті нашар балаларға арналған.	

11 Кесте

**Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы
«Экосервис –С» ЖШС бақылау желісінің деректері**

Қоспа	Орташа шоғыр (Q _{o.t.})		Ең жоғарғы бір реттік шоғыр (Q _{m.б.})		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ _{o.t.} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ м.б.асу еселігі		%	> ШЖШ	>5 ШЖШ
Алматы қаласы								
PM-2,5 қалқыма бөлшектері	0,036	1,0	0,414	2,6	2	462		
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,048	0,8	0,648	2,2	0	42		
Күкірт диоксиді	0,060	1,2	1,000	2,0	20	148		
Көміртегі оксиді	0,490	0,2	4,847	1,0	0	0		
Азот диоксиді	0,081	2,0	0,978	4,9	4	665		

2.1 Алматы облысының атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Алматы облысында атмосфералық ауасының жай-күйіне бақылаулар 4 автоматты станцияларда (Талдықорған қ., Талғар және Жаркент қ.) жүзеге асырылады. (Қосымша 1).

Жалпы Талдықорған қаласы бойынша 8 көрсеткіш анықталады: 1) PM-10 қалқыма бөлшектер; 2) PM-2,5 қалқыма бөлшектер; 3) күкірт диоксиді; 4) көміртегі оксиді; 5) азот диоксиді; 6) азот оксиді; 7) күкіртті сутегі; 8) гамма сәулеленудің қуаттылығының эквивалентті дозасы.

Талғар және Жаркент қалалары бойынша 6 көрсеткіш анықталады: 1) PM-10 қалқыма бөлшектер; 2) PM-2,5 қалқыма бөлшектер; 3) күкірт диоксиді; 4) көміртегі оксиді; 5) азот диоксиді; 6) озон.

Кесте 12-де бақылау бекеттерінің орналасқан жерлері және әр бекеттегі анықталатын көрсеткіштер тізімі ұсынылған.

12 Кесте

Бақылау бекеттерінің орналасқан жерлері және анықталатын көрсеткіштер

№	Сынама алу мерзімі	Бекеттің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	Үзіліссіз режимде, әр 20 минут	Талдықорған қ., Гагарин көшесі, 216 және Жабаев	PM-10 қалқыма бөлшектер, PM-2,5 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі.

	сайын	көшесінің қиылысы	
2		Талдықорған қ., Қонаев көшесі, 22, «Жастар» спорткешені аймағы	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквивалентті дозасы
3		Талғар қ., Қонаев көшесі, 65	PM-10 қалқыма бөлшектер, PM-2,5 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, озон.
4		Жаркент қ., Ы.Кошқунов көшесі, 7/5	PM-10 қалқыма бөлшектер, PM-2,5 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, озон.

Тұрақты бақылау бекеттерінен басқа, Талдықорған қаласында жылжымалы экологиялық зертхана қызмет етеді, оның көмегімен облыс бойынша, қосымша 3 нүктеде ауа сапасына Жаркент қ. (2 нүкте), Текелі қ. (2 нүкте), Балпық би п. (2 нүкте) (Қосымша 2) 7 көрсеткіштер бойынша өлшеулер жүргізіледі: 1) қалқыма бөлшектер (шаң); 2) азот диоксиді; 3) күкірт диоксиді; 4) азот оксиді; 5) көміртегі оксиді; 6) фенол; 7) формальдегид (Жаркент қаласында – күкіртті сутегі).

2021 жылдың 4-ші тоқсанындағы Талдықорған қ. атмосфералық ауа сапасының мониторинг нәтижелері.

Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша қалада атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі *көтеріңкі деңгейде* болып бағаланды, СИ тең 3,8 (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі мәнімен №2 бекет аумағында (Қонаев көшесі, 32) және ЕЖҚ=17 % (көтеріңкі деңгей) PM-2,5 қалқыма бөлшектер мәнімен №1 бекет аумағында (Гагарин көшесі, 216 және Жабаев көшесінің қиылысы) анықталды.

Ластаушы заттардың максималды-бірлік шоғырлары: PM-10 қалқыма бөлшектер-2,6 ШЖШ_{м.б}, PM-2,5 қалқыма бөлшектер-3,1 ШЖШ_{м.б}, көміртегі оксиді-2,2 ШЖШ_{м.б}, азот диоксиді – 2,8 ШЖШ_{м.б}, азот оксиді – 1,4 ШЖШ_{м.б}, және күкіртті сутегі-3,8 ШЖШ_{м.б} құрады, басқа ластаушы заттектердің шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

PM-10 қалқыма бөлшектердің орташа тәуліктік шоғырлары-1,3 ШЖШ_{о.т}, PM-2,5 қалқыма бөлшектер-1,8 ШЖШ_{о.т}, азот диоксиді – 1,8 ШЖШ_{о.т} құрады, басқа ластаушы заттектердің шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЭЖЛ және ЖЛ) : ЖЛ (10 ШЖШ дан жоғары) және ЭЖЛ (50 ШЖШ жоғары) тіркелген жоқ.


Нақты мәндер, сонымен қатар арту жағдайларының сапасы мен саны жағдайларының мөлшерлері Кесте 13-де көрсетілген.

Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғарғы бір реттік шоғыр		ЕЖ Қ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ о.т. асу еселігі	мг/м ³	ШЖШм .б.асу еселігі	%	> ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
Қалқыма бөлшектер РМ-10	0,080	1,3	0,79	2,6	3	354		
Қалқыма бөлшектер РМ-2,5	0,062	1,8	0,50	3,1	17	1139		
Күкірт диоксиді	0,019	0,4	0,13	0,3	0			
Көміртегі оксиді	1,2	0,4	11	2,2	3	438		
Азот диоксиді	0,07	1,8	0,55	2,8	6	831		
Азот оксиді	0,03	0,5	0,56	1,4	0	44		
Күкіртті сутегі	0,0015		0,03	3,8	0	30		

Қорытынды:

Соңғы 5 жылда атмосфералық ауаның ластану деңгейі 4-ші тоқсанда келесідей өзгерді:



Графиктен көрініп тұрғандай, 2018-2021 жылдардың 4-ші тоқсанында Талдықорған қ. атмосфералық ауасының ластану деңгейі көтеріңкі болып бағаланды, тек 2017 жылдың 4-ші тоқсанында ауаның ластану деңгейі жоғары деңгейді көрсетті.

Ең жоғарғы бір реттік шоғырлардың арту саны қалқыма бөлшектер РМ-2,5, азот диоксиді, көміртегі оксиді және қалқыма бөлшектер РМ-10 бойынша байқалды.

Ауа массасының көрсетілген ластану жағдайлары ауаның ластануына жеке секторларды жылыту, автокөлік шығарындылары есебінен аталған ластаушы заттектердің қала атмосферасында тұрақты жинақталуын көрсетеді.

2021 жылдың 4-ші тоқсанында айындағы Жаркент қ. атмосфералық ауа сапасының мониторинг нәтижелері.

Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша қалада атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі *көтеріңкі деңгейде* болып бағаланды, СИ =3,3 (көтеріңкі деңгей) қалқыма бөлшектер РМ-10 және көміртегі оксиді шоғырлары бойынша және ЕЖҚ=12% (көтеріңкі деңгей) қалқыма бөлшектер РМ-2,5 мәнімен (Ы.Кошкунов көшесі, 7/5) көрсетті.

Ластаушы заттардың максималды бірлік шоғырлары: қалқыма бөлшектер РМ-10 – 3,3 ШЖШ_{м.б.}, қалқыма бөлшектер РМ-2,5-3,1 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді-1,7 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді-3,3 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді-1,5 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттектердің шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектер РМ-10 орташа шоғырлары – 2,2 ШЖШ_{о.т.}, қалқыма бөлшектер РМ-2,5-3,8 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді-2,0 ШЖШ_{о.т.}, озон-1,0 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттектердің шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЭЖЛ және ЖЛ) : ЖЛ (10 ШЖШ дан жоғары) және ЭЖЛ (50 ШЖШ жоғары) тіркелген жоқ.

Нақты мәндер, сонымен қатар арту жағдайларының сапасы мен саны жағдайларының мөлшерлері Кесте 14-де көрсетілген.

14 Кесте

Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғарғы бір реттік шоғыр		ЕЖ Қ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ _{о.т.} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.б.} асу еселігі		>Ш Ж Ш	>5 ШЖ Ш	>10 ШЖ Ш
Қалқыма бөлшектер РМ-10	0,132	2,2	1,0	3,3	10	637		
Қалқыма бөлшектер РМ-2,5	0,132	3,8	0,5	3,1	12	813		
Күкірт диоксиді	0,016	0,3	0,86	1,7	0	2		
Көміртегі оксиді	1,8	0,6	17	3,3	8	541		
Азот диоксиді	0,08	2,0	0,29	1,5	1	49		
Озон	0,06	1,0	0,16	0,4	0			

Ең жоғарғы бір реттік шоғырлардың арту саны қалқыма бөлшектер РМ-10, қалқыма бөлшектер РМ-2,5, көміртегі оксиді және азот диоксиді бойынша байқалды.

Көрсетілген ластану жағдайлары кәсіпорындардың шығарындылары, жеке секторларды жылыту маусымына сай суық уақытқа тән, сонымен қатар автокөлік құралдарының шығарындыларына байланысты болып отыр.

Метеорологиялық жағдайлар

Алматы облысының атмосфералық ауа сапасына жоғары және төменгі градиентті өріс мен солармен байланысты атмосфералық фронттық бөлімдер әсер етті. 4-ші тоқсанда фронталды бөлімдердің өтуіне байланысты жаңбыр және ылғал қар түрінде жауын-шашын жауды, тұман болып, градиентті желдің күшеюі орын алды.

2021 жылдың 4-ші тоқсанында ҚМЖ тіркелген жоқ.

Панфилов ауданы Жаркент қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

15 Кесте

Ластаушы заттектердің максималды шоғырлары

Анықталатын қоспалар	Сынама алу нүктелері			
	№1		№2	
	q _m мг/м ³	q _m /ПДК	q _m мг/м ³	q _m /ПДК
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,012	0,02	0,098	0,20
Азот диоксиді	0,013	0,07	0,011	0,06
Күкірт диоксиді	0,159	0,32	0,021	0,04
Азот оксиді	0,014	0,03	0,011	0,03
Көміртегі оксиді	3,800	0,8	3,700	0,7
Фенол	0,006	0,59	0,003	0,31
Күкіртті сутегі	0,001	0,11	0,001	0,10

Ескелді ауданы Текелі қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

16 Кесте

Ластаушы заттектердің максималды шоғырлары

Анықталатын қоспалар	Сынама алу нүктелері			
	№1		№2	
	q _m мг/м ³	q _m /ПДК	q _m мг/м ³	q _m /ПДК
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,037	0,07	0,047	0,09
Азот диоксиді	0,033	0,16	0,002	0,01
Күкірт диоксиді	0,042	0,08	0,031	0,06
Азот оксиді	0,012	0,03	0,004	0,01
Көміртегі оксиді	4,000	0,8	4,100	0,8
Фенол	0,001	0,15	0,002	0,25
Формальдегид	0,002	0,05	0,003	0,05

Ескелді ауданы Балпық би а. бойынша эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

17 Кесте

Ластаушы заттектердің максималды шоғырлары

Анықталатын қоспалар	Сынама алу нүктелері			
	№1		№2	
	q _m мг/м ³	q _m /ПДК	q _m мг/м ³	q _m /ПДК
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,012	0,02	0,010	0,02

Азот диоксиді	0,013	0,06	0,011	0,06
Күкірт диоксиді	0,019	0,04	0,020	0,04
Азот оксиді	0,014	0,03	0,011	0,03
Көміртегі оксиді	4,200	0,8	3,940	0,8
Фенол	0,003	0,27	0,009	0,92
Формальдегид	0,009	0,18	0,012	0,24

15,16,17 кестелерден көрініп тұрғандай, ластаушы заттектердің шоғырлары шекті жіберілетін мөлшер шегінде болды.

2021 жылдың 4 тоқсанына Талғар қаласында атмосфералық ауа сапасына мониторинг нәтижелері.

Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша Талғар қаласында атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі *жоғары деңгейде* болып бағаланды, СИ=9,4 (*жоғары деңгей*) күкірт диоксиді, ал ЕЖҚ=8,0% (*көтеріңкі деңгей*) РМ-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша анықталды.

Ластаушы заттарыдың максималды-бір реттік шоғырлары: РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 3,1ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері –2,2 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді –9,4 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі тотығы –2,8 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді –1,5 ШЖШ_{м.б.}, озон- 1,9ШЖШ_{м.б.}, құрады, басқа ластаушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары: РМ-2,5 қалқыма бөлшектері-1,7 ШЖШ_{о.т.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері -1,4 ШЖШ_{о.т.}, күкірт диоксиді – 1,4 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді – 1,9 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар –ШЖШ-дан аспады.

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

18 Кесте

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғарғы бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ _{о.т.} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.} б.асу еселігі		%	>ШЖШ	>5ШЖШ
Қалқыма бөлшектер РМ-2,5	0,060	1,7	0,502	3,1	8	528	0	
Қалқыма бөлшектер РМ-10	0,084	1,4	0,667	2,2	3	185	0	
Күкірт диоксиді	0,072	1,4	4,683	9,4	5	306	20	
Көміртегі оксиді	0,629	0,2	13,980	2,8	1	65	0	
Азот диоксиді	0,076	1,9	0,305	1,5	1	75	0	
Озон	0,003	0,1	0,301	1,9	0	15	0	

3. Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

